

2024-2025 оқу жылы бойынша "Мектепке жол" республикалық қайырымдылық акциясы

2024 жылдың 1 тамызында «Мектепке жол» республикалық акциясы бастау алды. Биылғы жылы акция ерекше көңіл бөлініп, «Жақсылық жаса» ұранымен өткізілді. «Жақсылық жақсылыққа әкеледі» дегендей, бұл шара аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсетуге бағытталған. Қайырымдылықтың басты ерекшелігі – көмек түрін, орнын және мазмұнын ерікті түрде таңдау мүмкіндігі.

2024-2025 оқу жылында Абай Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясында осы акция аясында қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Бұл іс-шараға қаламыздың жомарт жүректі тұрғындары белсене қатысты және аз қамтылған отбасылардың балаларына үлкен қолдау көрсетті. Бұл бастама балаларды киім-кешек, оқу құралдары және кеңсе тауарларымен қамтамасыз етіп, олардың мектепке дайындығын арттыруға көмектеседі. Шара аз қамтылған және көп балалы отбасыларға үлкен көмек көрсетіп, қоғамдағы бірлік пен қамқорлықты нығайтуға ықпал етеді.

Жеке демеушілердің көмегі:

- Абай Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш пәні мұғалімдері Анар Көшкінбаевна және Сауле Дүйсенбековна өз сыныптарындағы мұқтаж балаларға көмек көрсетті. Анар Көшкінбаевна бір оқушыға оқу құралдары мен портфель сыйласа, Сауле Дүйсенбековна аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан бес қыз балаға ақ күрте тарту етті.
- Арқалық қалалық «Мұхтасиф Алмұхаммед молла» мешіті мектептің үш оқушысына портфель мен оқу құралдарын сыйлады.

Жалпыға міндетті оқу қорының қаржылай көмегі:
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысына сәйкес, мемлекеттік білім беру ұйымдарында оқитын әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан көмекке мұқтаж балаларға және өзге де санаттағы оқушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсету қарастырылған. ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы №544 Қаулысына сәйкес, осы көмекті қалыптастыру, жұмсау және есепке алу қағидалары бекітілген.

Осы қаулыларға сәйкес, «Жалпыға міндетті оқу қоры» арқылы 10 547 901 теңге көлемінде қаражат бөлінді. Көмекке мұқтаж ата-аналардан барлығы 243 өтініш түсті. Өтініштер хронологиялық тәртіппен тіркеу журналына енгізіліп көмек көрсетілді.

Көмек көрсетілген санаттар бойынша:

- Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға – 42 оқушы;
- Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға – 1 оқушы;
- Төтенше жағдайлар салдарынан көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан балаларға – 89 оқушы;
- Басқа санаттағы көмекке мұқтаж балаларға – 111 оқушы.

Жеке кәсіпорындар мен ұйымдардың демеушілігі:

- «Мега Планета» сауда орталығы мектептің екі оқушысы – Ербатыров Мейіржан мен Ақанұлы Нұржігітке жалпы 140 000 теңге көлемінде көмек көрсетті. Оқушылар мектеп формасы және басқа да қажетті заттармен қамтамасыз етілді.

- «Алюминқұрылыс» ЖШС мекемесі 85 000 теңге көлемінде қаржы бөліп, жеті оқушыны оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Қадірбеков Данияр Дастанұлы, Ерланұлы Санжар, Серік Бекзат Асылбекұлы, Кішкентай Айбатыр Шәріпұлы, Берікбай Қанат Арманұлы және Ділдәбек Жансерік осы көмекке ие болды.

«Мектепке жол» акциясы аясында тек материалдық көмек қана емес, қоғамның жан жылуын жеткізу де көзделген. Балаларға қолдау көрсету – әр азаматтың борышы, ал жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелеу – ата-аналардың, ұстаздардың және жалпы қоғамның міндеті. Бұл акция аз қамтылған және көп балалы отбасыларға көмектесіп қана қоймай, олардың балаларына сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Қайырымдылық жасау – әр азаматтың парызы, ал жас ұрпақты ізгілікке тәрбиелеу – баршаға ортақ міндет.

Мектеп – гимназия директоры:



К.С.Козбагарова





